





ЕНБЕК

Адал еңбек адамды қуанышты сезінуге, өзіне деген сенімділікке жетелейді, бақытқа, байлыққа жеткізеді. Еңбексүйгіш адам айналасына да сыйлы, беделді болады. Әрқашан өз ісімізге адал болып, еңбектің тәтті дәмін сезіне білейік. Адал еңбекті бағалап, қадірлейік.



**Ал енді еңбек жайлы
айтқан адамдарды тыңдайық**





дейді 103 жастағы Шәмшия
әже

Шәмшия Пірімбетқызы Өмір 1912 жылы 28 желтоқсанда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Өзгент ауылында дүниеге келген. Әкесі Пірімбет пен анасы Нәзипа сол заманның дәулетті отбасынан шыққан текті, білімді, көзі ашық, иманды жандар еді...

Шәмшия әже талай қиындықтарды басынан өткерді. Қазан төңкерісін, жаппай тәркілеу заманын, одан кейінгі ашаршылық нәубетін, колхоздастыру кезеңін, қанқұйлы Ұлы Отан соғысын көріп, бастан өткерген тірі шежіре.

Соғыс жылдарында қазіргі Мақтаарал ауданына қарасты Мырзакент, Атакент қалашықтарында мақта шаруашылығында күн-түн демей еңбек етті. Ол – ең алғашқы әйел механизатор, тыл ардагері. 1944 жылы Бейсенқожа деген азаматқа тұрмысқа шығып, 1948 жылы туыстары Асқарқожа мен Айтқожаның шақыртуымен Сарыағаш ауданы (Келес) «Абай» совхозы, Жаңа тіршілік ауылына қоныс аударып келеді.

Отағасы марқұм Бейсенқожа имамдық қылып, елге сыйлы азамат атаныпты. Олар бір шаңырақ астында 50 жыл тату-тәтті өмір сүрді. 10 ұл-қыз өсіріп, оқытты, олардың бәрі де қазір өнегелі отбасы.

Асылы бүгінде Шымкенттің іргесіндегі Маятас ауылында тұратын Өміровтер әулеті шаңырағы биік, керегесі кең өнегелі отбасы. Бұл әулетте дәрігер де, мұғалім де, заңгер де, кәсіпкер де, ғалым да, жалпы, түрлі сала мамандары бар. Үлкен қызы Гүлайша – дәрігер, қазір зейнеткер. Ұлы Исмайл – ұстаз, қазір ол да зейнеткер, Құдай қосқан қосағы Күлайхан екеуі қажылық парызын өтеп, Мекке-Мәдинеге барып қайтты. Одан кейінгі Тоқтасын мен Бибайша да қазір зейнеткер. Қарашаңырақта тұратын ортаншы ұлы Ибрахим мен келіні Ұлданай да зейнеткер. Қызы Күлсін үй шаруасында. Ал, әженің кенже ұлы Өбдікерім дінтанушы, қоғамдық қорларда басшылық қызмет атқарған және «Рахмет самалы» діни танымдық журналының редакторы болған. Қазіргі таңда Қазақ-араб университетінің проректоры, шежіреші. Жолдасы Қадиша педагогика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің «педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, бірнеше ғылыми кітаптың авторы. Ал, әженің қыздары Ұлбосын мен Бибісара үй шаруасында. Шәмшия әже он ұл-қыздан бүгінде 12 немере, 108 шөбере, 5 шөпшек сүйіп отыр.

Шәмшия әже бойында қуаты барында қолы шипалы емші болыпты. Бірлік ауылының маңында Ащы өзенінің емдік қасиеті бар минералды көлшігі бар. Сол көлшіктің тұзды балшығымен шілденің кезінде науқастарды емдеген. Ауыл тұрғындары әлі күнге дейін осы көлшікті әженің атымен атайтын көрінеді.

Бүгінде қарашаңырақтағы ортаншы ұлы Ибрахим мен келіні Ұлданай, еншілері бөлек өзге ұл-қыздары жүзден асқан аналарын аялап, алақандарына салып отыр. Осы уақытқа дейін өздігінен далаға кіріп-шығып жүрген қария тек соңғы кезде көп шыға алмай қалыпты. Дегенмен, қарттығына қарамастан, әженің сөздері анық, есту, есте сақтау, көру қабілеті де жаман емес. Газетке жазатынымызды айтып, өз өмірі, ұзақ жасаудың сырын әңгімелеп беруді өтінген едік.

– Мен өмір бойына ауыр бейнетті басымнан өткердім. Трактор да айдадым. Ашаршылықтың да, соғыстың да зардабын бастан кештім. Үй шаруасынан да қалмадым, бала тәрбиелеуді де бірінші кезекке қойдым. Әуелі барлық мадақтау мен марапаттау Аллаға, қандай қиындық көрсем де Алланы аузымнан тастамадым. Бес мезгіл намазымды қаза қылмадым, «тәуба» деуден жаңылған емеспін. Қолымнан келгенінше адамдарға жақсылық жасауға ұмтылдым. Қашанда адал болуға тырыстым. Біреуді ауыр сөз айтып ренжітуді немесе біреуге кек сақтауды суқаным сүймейді. «Бірінші дұшпаның – тіл» деген, өзіңе жеңіл болғанмен, өзгеге зіл. Аузыма түскенді, қолыма тигенді қанағат еткен адаммын. Жас кезімнен нанымды адал еңбекпен жегенді мақсат еттім. «Еңбекпен тапқан нан тәтті» дейді бізбен әңгімесінде Шәмшия әже.

ЕҢБЕК ТУРАЛЫ МАҚАЛ – МӘТЕЛДЕР

ҚАЗАҚСТАН



ЕҢБЕК ТҮБІ БЕРЕКЕ

КӨСІП, ЕҢБЕК ТУРАЛЫ МАҚАЛ –МӨТЕЛДЕР

1. Еңбегі аздың өнбегі аз.
2. Ұстаның өрісі көрігінен төсіне дейін.
3. Алтын менен күмісті, зергер үшін жаратқан. Арқар менен құлжаны, мерген үшін жаратқан.
4. Шеберді саусағы асырайды.
5. Еріншектің ертеңі бітпес.
6. Еңбексіз өмір жоқ, ауырсыз жеңіл жоқ.
7. Қойшыны таяғы асырайды, қасқырды аяғы асырайды.
8. Атан түйе жүк астында қартаяр.
9. Түйір нан – тамшы тер
10. Сен істі сүйсең, іс саған бас иеді.
11. Еңбек қылмай ер оңбас, Бірлік қылмай ел оңбас.
12. Ерте шықсаң алдыңнан күн шығады, Кеш шықсаң алдыңнан түн шығады.
13. Тұлпар шаба жетіледі, Сұңқар ұша жетіледі. 14. Еңбектің көзін тапқан, Байлықтың өзін табады.
15. Жерге еткен жақсылық жерде қалмайды.
16. Ердің атын еңбек шығарады.
17. Еңбек ерлікке жеткізер, Ерлік елдікке жеткізер.
18. Бақыт кілті еңбекте.
19. Жер көңді жақсы көреді, Ат жемді жақсы көреді.
20. Көп еңбегі көңілді.
21. Бір кісі қазған құдықтан мың кісі су ішеді.
22. Отырған жерден отын кескен.
23. Сүйіп істеген іс шаршатпайды.
24. Жұмысы жемістінің - өмірі келісті.
25. Егін піспей, қам сайла.
26. Жігіттің жұмсаған күшін сұрама, Бітірген ісін сұра.
27. Жақсы жұмыс – жанға тыныс.
28. Жан қиналмай жұмыс бітпес,
29. Талап қылмай мұратқа жетпес.
30. Ырыс алды – ынтымақ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЕҢБЕК КОДЕКСІ

2007 жылғы мамырдың 15-сі, № 251-III



**ТРУДОВОЙ
КОДЕКС**

РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
от 15 мая 2007 года

ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексімен 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап күші жойылды

Осы Кодекске өзгерістер енгізу туралы:

ҚР 2015 жылғы 2 тамыздағы № 342-V Заңын қараңыз (2018 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)

ҚР Еңбек кодексін қолданысқа енгізу туралы 2007 жылғы 15 мамырдағы № 252-III ҚР Заңын қараңыз

ҚР 2007.19.12. № 9-IV Заңымен (2008 ж. 1 қаңтарда қолданысқа енді) (бұр.ред.қара); 2009.07.12. № 222-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.13.02. № 553-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.17.02. № 566-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2013.04.02. № 75-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2013.21.05. № 95-V ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2013.13.06. № 102-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2013.04.07. № 132-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2014.23.04. № 200-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2014.27.06. № 212-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2015.19.05. № 315-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2015.15.06. № 321-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) мазмұны өзгертілді

Мазмұны

ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1-Бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Негізгі ережелер

1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

2-бап. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы

3-бап. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мақсаты мен міндеттері

4-бап. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының принциптері

5-бап. Еңбек саласындағы құқықтардың шектелуіне жол бермеу

6-бап. Еңбек бостандығы

7-бап. Еңбек саласындағы кемсітушілікке тыйым салу

8-бап. Мәжбүрлі еңбекке тыйым салу

9-бап. Осы Кодекстің қолданылуы

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА

РАХМЕТ